

№1 ХАТТАМА
Қызылорда қаласы Әйтеке би №29 А мекен-жайында орналасқан бас оқу ғимаратындағы студенттік асхананы жалға беру жөніндегі конкурстық комиссияның қорытындыларын шығару туралы

Қызылорда қаласы

«28» қазан 2024 жыл

«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ Басқарма төрағасы-ректорының 2024 жылғы 27 қыркүйектегі тұрғын емес үй-жайын жалға беру бойынша конкурс өткізу туралы №337-а бұйрығына сәйкес құрылған Комиссия мен Әйтеке би көшесі, 29 А мекен-жайында орналасқан бас оқу ғимаратындағы студенттік асхананы жалға (жалдауға) беру мәселесі бойынша отырыс өткізілді.

Күн тәртібі: Тұрғын емес үй-жайларды мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру жөніндегі конкурстық комиссияның отырысы.

Конкурстық комиссияға қатысқандар:

Комиссия төрағасы: Ж.Н.Базартай – Басқарма мүшесі-әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректоры

Төраға орынбасары: Ғ.К.Утегенов – Шаруашылық жұмыстар жөніндегі департамент директоры

Комиссия мүшелері:

Н.К.Рабатова – Бас есепші (еңбек демалысында болуына байланысты Бас есепшінің орынбасары – Н.Б. Дузелбаева қатысты)

А.Ш.Шыңғысбаев – Экономика және жоспарлау бөлімінің басшысы

М.С. Қожанова – Асхана меңгерушісі

Комиссия хатшысы:

Г.М.Тұрар – Экономика және жоспарлау бөлімінің экономисі

Конкурстық өтінімдерді қарау жері: Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, №29А 202 кабинет.

1. Өтінімдер <https://www.korkytata.online//> сайтында соңғы мерзім аяқталғанға дейін келесі әлеуетті қатысушылар ұсынды

№	Қатысушылар	Тапсырған күні, уақыты	Баға ұсынымы	Инвестиция бағасы
1	ТОО «НБК-Сервис КЗО»	26.10.2024 ж, 23:10	330 000 (үш жүз отыз мың) теңге	6 568 890
2	ИП «Таубай»	26.10.2024 ж, 23:41	460 000 (төрт жүз алпыс мың) теңге	
3	ИП «Береке»	27.10.2024 ж, 9:58	450 000 (төрт жүз елу мың) теңге	

2. Қабылданбаған өтінімдер жоқ.

Ж.Н.Базартай: Конкурстық комиссия «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ тұрғын емес үй-жайларды мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру ережесінің 6.2 тармағына сәйкес шарттарын ұсынған әлеуетті қатысушы жеңімпаз болып танылатындығын түсіндірді және ұсынылған конкурстық өтінімдерді қарауды бастау ұсынылды.

Ғ.К. Утегенов:

Конкурса қатысушылардың өтінімдерін қарау барысында ЖК «Таубай», ЖК «Береке» бойынша бизнес проект ұсынылмағанын, «НБК-Сервис КЗО» ЖШС бизнес проект ұсынылып, 6 568 890 теңге көлемінде инвестициялық ұсыным көрсеткенін айтты.

Н.Б. Дузелбаева:

ЖК «Береке» 2024 жылдың 25 қазанында ашылған мекеме екенін, Университет қызметкерлер мен студенттерді тамақпен қамтамасыз ететіндіктен ЖК «Береке» асханада жұмыс жасау саласында тәжірибесі көрсетілмегенін айтты.

Ж.Н. Базартай:

Университетте білім алушылар мен қызметкерлердің тамақтануына қолайлы, қолжетімді жағдай жасау мақсатында өтінім берушілердің ас мәзіріндегі тағамдар бағаларын айтып өтті.

«НБК-Сервис КЗО» ЖШС - нің ас мәзірінде бірінші ыстық тағамдар 300 грамм мөлшерде 550 теңгені құраса, екінші тағамдар 400 грамм мөлшерде 550-750 теңгені құрап отыр.

ЖК «Таубай»-дың ас мәзіріндегі бірінші ыстық тағамдар 300 грамм мөлшерде 550-600 теңгені құраса, екінші тағамдар 400 грамм мөлшерде 700-750 теңгені құрайды.

ЖК «Береке»-нің ас мәзіріндегі бірінші ыстық тағамдар 350 грамм мөлшерде 700-800 теңгені, екінші ыстық тағамдар 350 грамм мөлшерде 700-800 теңгені құрайтынын айтты.

А.Ш. Шыңғысбаев:

«НБК-Сервис КЗО» ЖШС бойынша жалдау құны 1 жылға – 3 960 000 теңге, инвестиция бағасы – 6 568 890 теңге жалпы алғанда университетке түсіретін пайдасы – 10 528 890 теңгені құрайтынын айтты.

ЖК «Таубай»-дың жалдау құнына ұсынып отырған бағасы 1 жылға – 5 520 000 теңге, инвестиция ұсынымы ұсынылмаған ЖК «Таубай» - тың университетке түсіретін пайдасы – 5 520 000 теңгені құрап отыр.

ЖК «Береке» бойынша жалдау құны 1 жылға – 5 400 000 теңге, инвестиция ұсынымы ұсынылмаған ЖК «Береке» - нің университетке түсіретін пайдасы – 5 400 000 теңгені құрап отыр.

Жоғарыда көрсетілген қатысушылардың арасында асханаға өз қаражаты есебінен жұмыстар жүргізуге инвестиция ұсынымы және жалға алу құнын қосқандағы университетке түсіретін пайдасы – 10 528 890 теңгені құрайтын «НБК-Сервис КЗО» ЖШС -ті қолдауды ұсынды.

Әлеуетті қатысушыларға дауыс бергендер:

1. «НБК-Сервис КЗО» ЖШС

Жақтап - 5 дауыс

Қарсы – 0 дауыс

Қалыс қалғандар – 0 дауыс

2. ЖК «Таубай»

Жақтап - 2 дауыс

Қарсы – 3 дауыс

Қалыс қалғандар – 0 дауыс

3. ЖК «Береке»

Жақтап - 1 дауыс

Қарсы – 4 дауыс

Қалыс қалғандар – 0 дауыс

Комиссия ШЕШТІ:

1) Қызылорда қаласы Әйтеке би көшесі, №29А мекен-жайында орналасқан Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті КЕАҚ-ның бас оқу ғимаратындағы студенттік асхананы жалға беру жөніндегі конкурсы бойынша жеңімпаз: «НВК-Сервис КЗО» ЖШС.

2) Конкурсты ұйымдастырушы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті КЕАҚ 2024 жылдың 1 қарашадан бастап студенттер мен қызметкерлерді тамақтандыруды ұйымдастыру мақсатында тұрғын емес үй-жайларды мүліктік жалдауға (жалға алу) шартын 2025 жылдың 31 тамызға дейін жасалсын.


3) Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті КЕАҚ комиссия хатшысы асхананың тұрғын емес үй-жайын мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қорытындылары туралы осы хаттаманың мәтінін университеттің интернет-порталына орналастырсын.

Комиссия төрағасы:




Ж.Н. Базарбай

Төраға орынбасары:




Ғ.К. Утегенов

Комиссия мүшелері:



Н.Б. Дузелбаева

М.С. Қожанова



А.Ш. Шыңғысбаев

Комиссия хатшысы:



Г.М.Тұрар